

FTAMP 64.33.17

А.К. Жаппарова¹ - негізгі автор, | ©
А.К. Кудабаяева²



¹PhD, доцент м.а, ²Техн. ғылым. канд., доцент м.а.

ORCID

¹<https://orcid.org/0000-0002-2452-017X>; ²<https://orcid.org/0000-0003-4385-7074>



^{1,2}М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,



Тараз қ., Қазақстан Республикасы



¹akmaral_kalievna@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/QHKS1690>

ЗАМАНАУИ КОЛЛЕКЦИЯДА ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ПРИНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада заманауи ұлттық нақыштағы коллекцияда принттерді қолдану ерекшеліктері, маркетингтік зерттеулер нәтижелері, эскиздік жобалау мен дайын бұйым үлгісі келтірілген. Бұйымның конструкторлық шешімі тігін бұйымдарын автоматтық жобалау жүйесінің көмегімен жүзеге асырылды. Ұлттық нақыштағы принттерді қолдану арқылы жастардың бойында халықтық қолданбалы өнерге, оның ішінде ұлттық киімдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру негізделген.

Тірек сөздер: нақыш, принт, маркетингтік зерттеу, эскиз, коллекция, модульдік жүйе.



Жаппарова, А.К. Заманауи коллекцияда ұлттық нақыштағы принттерді қолдану ерекшеліктері [Мәтін] / А.К. Жаппарова, А.К. Кудабаяева // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2023. – №3(81). – Б.49-56. <https://doi.org/10.55956/QHKS1690>

Кіріспе. Қазіргі уақытта "принт" термині киім дизайнын жасауда, заманауи сәнде кеңінен қолданылады. Ағылшын тілінен аударғанда print» сөзі «басып шығару», «ізтаңба», «суреттің таңба басымы», «мөртаңба», «баспа суретті мата» дегенді білдіреді. Сөздікте, баспа – бұл (сурет, фотосурет, жазу), белгілі бір жолмен матаға (матаға тікелей басып шығару, жылу беру), қағазға немесе басқа бетке салынған сурет деп жазылған.

Киім дизайнында сурет ретінде қолданылатын иллюстрация соңғы жылдары кеңінен қолданылуда, бұл ақпараттық кеңістіктің адам өмірінің барлық салаларына әсерінің таралуына байланысты. Корнеева Т.В. адамның айналасындағы ғаламдық ақпараттық өріс оның "суретін" және "моделін" анықтайды және қалыптастырады деп жазды.

Киім соңғы өнім ретінде дизайнердің туындысы болып табылады, бірақ көрермен немесе сатып алушы өзінің хабардарлығына байланысты принт ретінде пайдаланған суретті не дұрыс таниды, не дизайнердің көзқарасымен келіседі [1].

Соңғы онжылдықта ұлттық костюм сарқылмас көздердің біріне айналды, ондағы материал, пішін, конструкция, декор, техника және орындау тәсілі, дәстүрлі технология заманауи киімдердің жаңа көркемдік-

конструкторлық және технологиялық шешімдерін жасау үшін шығармашылық идея болып табылады.

Қазіргі заманғы костюмдердің жетекші коллекцияларында халық мұрасына деген үндеу барған сайын байқалады. Сонымен қатар заманауи киім бұйымдарында «этно» стиліндегі әртүрлі халықтардың, мәдениеттердің дәстүрлі костюмінің элементтерінің үйлесімі байқалады.

Дәстүрлі қазақ киіміне негізделген заманауи киім үлгісін жобалаудың қазіргі жағдайын талдау, 60-шы жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін ұлттық мәдениеттердің дамуы мен өзін-өзі бекітуі аясында сахналық киім немесе мұражай экспонаттары ретінде, заманауи киімнің стильдендірілген үлгілері ретінде пайдаланылған ұлттық киім элементтерінің үлгілері жасалуда.

Қазіргі заманғы киімдер дәстүрлі ұлттық киім элементтерінің сыртқы пішіні мен түріне, материалдардың табиғи қасиеттері, сонымен қатар ою-өрнектің қасиеттеріне байланысты жасалғаны анықталды. Дәстүрлі қазақ киімінің негізінде жасалған заманауи киімдер өзінің қайталанбас түпнұсқалығы, көркемдік мәнерлігімен ерекшеленеді, жастардың бойында халықтық қолданбалы өнерге, оның ішінде ұлттық киімдерге деген сүйіспеншілікті оятады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Маркетингтік зерттеулер – бұл ұйымды тұтынушылармен ақпарат арқылы байланыстыратын функция. Ақпарат:

- маркетингтің мүмкіндіктері мен мәселелерін анықтау;
- маркетингтік іс-шаралардың орындалуын әзірлеу, бағалау, бақылау;
- маркетингті процесс ретінде түсінуді жетілдіру үшін қолданылады.

Тұтынушы сұранысының өзгеруін сипаттайтын факторлар туралы ақпарат алудың ең көп қолданылатын және кең таралған әдісі сауалнама болып табылады [2]. Бұл тұтынушылардың киімнің белгілі бір қасиеттерінің ерекшеліктерін, олардың сапасына, жаңалығына және әртүрлі модельдеріне және т. б. қатысты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Зерттеудің бұл әдісі топтық шешім әдісіне жатады және шешім қабылдау теориясының ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізі жеке тұлғаның пайдалы ақпарат беру қабілеті болып табылады. Зерттелетін құбылыстың бізге белгісіз сандық сипаттамасы кездейсоқ шама сияқты жағдайларда қарастырылады, оның таралу заңы белгілі бір оқиғаның маңыздылығын жеке бағалаудың көрінісі болып табылады. Әрбір зерттеу мәселесі оны шешуге ерекше көзқарасты қажет етеді. Әрбір мәселе бірегей болып табылады және зерттеу процедурасы оның ерекшеліктері мен маңыздылығын ескере отырып жасалады. Сонымен, тұтынушылардың белгілі бір тобы арасында заманауи ұлттық нақыштағы коллекцияда принтті бұйымға деген сұранысты анықтау мақсатында: қызметкер әйелдер, жеке кәсіпкер ханымдар, зейнеткер әйелдер, үйде отырған келіншектер және студенттерге сауалнама түрінде кешенді маркетингтік зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Сауалнама Тараз қаласында жүргізілді. Сауалнама 100-ден аса респонденттер арасында жүргізілді. Бұл сауалнамалар әрқайсысы нарықтың сатып алу сегментін, ең көп сұранысқа ие ассортиментті және принтті бұйымдарды одан әрі дамыту мен жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін 12 сұрақтан тұрды (1-сурет).


Сауалнама нәтижесі бойынша қатысушылардың әлеуметтік статусыңыз деген сұраққа 32,3%-ы қызметкер әйелдер, 49,2%-ы студенттер, 4,6 %-ы









оқушылар, 7,7 %-ы жеке кәсіпкер әйелдер, 1,5 %-ы үйде отырған келіншектер, 4,7 %-ы зейнеткерлер болды.


Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі 21-30 жастағылар 46,2%, ал 10,8% -ы 10-20 жас, 26,2%-ы 31-40 жаста, 10,8%-ы 41-50 және 6,2%-ы 51-70 жас аралығында болды. «Сіз сән жаналықтарын бақылап отырасыз ба?» деген сұраққа адамдардың 73,8%-ы сән жаналықтарын бақылайды, 16,9%-ы бақыламайды, қалған 9,3% -ы жауап беру қиынға соғады деп жауаптар берді. Киімнің стильдері сұраққа 20%-ы киімнің классикалық, 24,8%-ы спорттық, 20%-ы кэжуал, 9,0%-ы авангард және 26,2%-ы этникалық стильді таңдады. Киім нарығында этникалық стильдегі принтті костюм респонденттердің 42,5%-ы өзекті тренд деп санайды, 21,4%-ы өзекті, бірақ сенімді емес 20,8 ия мүмкін деді ал 15, %-ы өзекті емес деп ойлайды. 46,2%-ы қазіргі заманғы этникалық стильдегі принтті сәндік элементтерді («баска», белдік, корсет, белбеу және т.б.) күнделікті көреді, 41,5%-ы көріп тұрады, ал 9,2%-ы өмірінде көрмеген, қалған 3,1%-ына жауап беру қиын деді.

Сауалнамаға қатысушылардың 23,8%-ы этникалық стильдегі заманауи принтті костюм элементтерін («баска», белдік, корсет, белбеу және т.б.) интернет-дүкендерде, 36,2%-ы дизайнерлік киім бутиктерінде, 30,8%-ы қолдан жасалған бұйымдар бутиктерінде, 9,2%-ы сән журналдарынан көретін айтты.

Сауалнамаға қатысқандардың 42,3%-ның гардеробында этникалық стильдегі принтті сәндік костюм элементтері (баска, белдік, корсет, белбеу және т.б.) бар, ал 22,6%-да жоқ, ал 12,3%-да жоқ, бірақ сатып алғысы келеді. Әрі қарай қазақтың ұлттық оюларымен этникалық стильде принттелген заманауи сәндік костюм элементтері топтамасының эскиздік жобасы ұсынылды, респонденттердің 53,1%-ы жоғары бағалады (өте ұнады), 35,4%-ы ұнады, бірақ барлық модельдер емес, 11,5%-на ұнамады. «Коллекцияда этникалық стильдің, соның ішінде қазақ мәдениетінің ерекшелігі байқалады ма?» деген сұраққа респонденттер 69,2% байқалады және 23,2% кішкене байқалады деп жауап берді, 4,4% респонденттердің көзқарасы бойынша коллекция ерекшеліктерді көрсетпейді және 3,2%-ы жауап беруге қиналды. Респонденттердің 58,1%-на, ұсынылған коллекциядан барлық бұйымдарды сатып аламын, 22%-ы ұсынылған коллекциядан кейбір модельдерді сатып алар еді, ал 12,1%-ы бұл бұйымдарды ұнады, бірақ сатып алмаймын деп жауап берді, 7,8%-ы осы стильдегі бұйымдарды ұнатпады. Сауалнама қатысқандар 35,7%- ұсынылып отырған коллекциядағы этникалық стильдегі принтті «баска» үшін 5000-нан 10000 теңгеге дейін сатып алады, 37,5%-ы 10000-нан 20000 теңгеге дейін, ал 14,3%-ы осы коллекциядағы баскаға 3 000-нан 5 000 теңгеге дейін жұмсауға дайын және 12,5%-ы 20000 теңгеден жоғары ақша төлеуге дайын.







Сурет 1. Сауалнама нәтижелері

Сауалнама жүргізу нәтижесінде қатысушылардың этникалық стильдегі заманауи принтті костюмді өздерінің гардеробында болғанын қалады, бұл бір жағынан, дәстүрлі ұлттық киім элементтерінің өзіндік, қайталанбас шешімін біріктіріп, екінші жағынан қазіргі заман талабына сай келеді (2-сурет).



Сурет 2. Ұсынылып отырған «Нұрбибі» коллекцияның эскиздері

Осыған орай сұраныстың нәтижесінен кейін эскиздік жобаны жасау негіз болды. Эскиздік жоба – бұйым туралы жалпы түсінік беретін, принципті конструкторлық шешімдерді, сондай-ақ бұйымның негізгі параметрлері мен жалпы өлшемдерін анықтайтын, мәліметтерді қамтуы тиіс конструкторлық құжаттардың жиынтығы. Ары қарай ұсынып отырған үлгілерді талдау


нәтижесінде бірінші модельді таңдау жасалынды. Төменді ұсынылатын «Нұрбибі» коллекциясының негізгі үлгілерінің эскизі ұсынылды (2-сурет). Төменде 3-суретте коллекциядағы негізгі бұйым көрсетілді. Бұйым жинақтан тұрады: көйлек, шапан және тақия.



Сурет 3. Негізгі бұйымның эскизі

Киімдерді өндеуге дайындаудың негізгі кезеңдерінің бірі ол лекалдарды құрастыру болып табылады.

Бұйымның конструкторлық шешімі тігін бұйымдарын автоматтық жобалау жүйесінің көмегімен жүзеге асырылды. Бұл бағдарламаның киімдерді жобалауда бірнеше артқышылықтары бар [3,4]. Бағдарламада эскиз, фотосурет немесе үлгі бойынша кез келген қиындықтағы үлгілердің лекалін жылдам және дәл жасауға мүмкіндік береді. Жүйеде бұйымдарды «нөлден» құрастыруға, дигитайзерден дайын лекалдарды енгізуге және оларды реттеуге, градация мен төсемдерді жасауға, конструкциялардың сызбаларын, лекалдарды, градация торларын, жаймаларды басып шығаруға, түсініктеме мәтіндік құжаттаманы жасауға болады. Автоматтық жобалау жүйесінде бұйымның құрылысын тұрғызу ұсынылды (4-ші және 5-суреттер).



Сурет 4. АЖЖ-де тұрғызылған бұйымның құрылыстық сызбасы



Сурет 5. Дайын бұйым үлгісі

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Негізгі бұйымның базалық құрылысы АЖЖ «Ассоль» бағдарламасында орындалды. Бұйымның алдыңғы және артқы бой мен жеңінің базалық құрылысы тұрғызылды. Құрылыстық сызбасын

дайындаған соң бұйымның майда бөлшектерін және негізгі бөліктерін жинақтаудан тұратын өңдеу процесі жүреді.

Киімдерді құрастыру мен түйіндер, бөлшектерді жинаудың технологиялық процестері тігін өндірісінің негізі болып табылады және еңбекөнімділігі мен берілген сапа деңгейіне жауап беретін, тігін бұйымдарының дайындығының бірізділігін мақсатқа сай нақты экономикалық және технологиялық түйін мен бөлшектерін біріктіру бойынша бөлінбейтін операциялар жиынтығын көрсетеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе дәстүрлі қазақ киімінің негізінде жасалған заманауи киімдер өзінің қайталанбас түпнұсқалығы, көркемдік мәнерлілігімен ерекшеленеді, жастардың бойында халықтық қолданбалы өнерге, оның ішінде ұлттық киімдерге деген сүйіспеншілікті оятады.

Бұйымда қолданылып отырған принтті ұсынылып отырған заманауи ұлттық нақыштағы коллекцияда қолдану қазіргі уақытта сұранысқа ие болып отыр. Бұйым жинағы адамның қимыл-қозғалыс кезінде ыңғайлығын қамтамасыз ететін ұлттық стильдегі киім, сонымен қатар сымбаттылығын, жинақылығын көрсететін, еркін пішімді бейнелеумен сипатталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сутеева, М.А. Киім дизайнының теориясы мен мәдениеті [Мәтін]: оқу құралы / М.А. Сутеева, М.М. Шаштыгарин. – Алматы: Отан, 2020. – 138б.
2. Голубков, Евгений Маркетинговые исследования [Текст]: Теория, методология и практика. Учебник / Е. Голубков. Издательство: Дело и сервис, 2008 г. – 480с.
3. Коблякова, Е.Б. Конструирование одежды с элементами САПР [Текст] / Е.Б. Коблякова, Г.С. Ивлева. – М.: 2005. – 174 с.
4. Мартынова, А.И. Конструктивное моделирование одежды [Текст]: Учеб. Пособие для вузов / А.И. Мартынова, Е.Г. Андреева М.: МГУДТ, 2006. – 216 с.

Материал редакцияға 11.04.23 түсті.

А.К. Жаппарова¹, А.К. Кудабеева¹

¹Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИНТОВ С НАЦИОНАЛЬНЫМИ МОТИВАМИ В СОВРЕМЕННОЙ КОЛЛЕКЦИИ

Аннотация. В статье приведены особенности применения принтов в современной коллекции, результаты маркетинговых исследований, эскизное проектирование и образец готового изделия. Конструкторское решение изделий реализованы с помощью системы автоматизированного проектирования швейных изделий. Цель, развить заинтересованности у молодежи к народному прикладному искусству, в том числе к национальной одежде, где используются принты национальными мотивами.

Ключевые слова: мотив, принт, маркетинговое исследование, эскиз, коллекция, модульная система.

A.K. Zhapparova¹, A.K. Kudabayeva¹

¹M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

FEATURES OF THE USE OF PRINTS WITH ORIGINAL MOTIFS IN THE MODERN COLLECTION

Abstract. The article presents the features of the use of prints in a modern collection, the results of marketing research, preliminary design and a sample of the finished product. The design solution of the products is implemented using a computer-aided design system for sewing products. The development of young people's interest in folk applied art, including national clothing printed with national motifs.

Keywords: motive, print, marketing research, sketch, collection, modular system.

References

1. Suteeva, M.A., Shashtygarin, M.M. Kiim dizajnyның teoryasy men мәdenieti [Theory and culture of fashion design]. – Almaty: Otan, 2020. – 138p. [in Russian]
2. Golubkov, Evgeny: Marketingovye issledovaniya [Marketing research] / Teoriya, metodologiya i praktika [Theory, methodology and practice] / Textbook. Izdatel'stvo: Delo i servis [Publishing house: Business and service], – 480 p. [in Russian]
3. Koblyakova, E.B., Ivleva, G.S. Konstruirovaniye odezhdы s elementami SAPR [Designing clothes with CAD elements]. M.: 2005. – 174 p. [in Russian]
4. Martynova, A.I., Andreeva, E.D Konstruktivnoye modelirovaniye odezhdы [Constructive modeling of clothing]: Studies. Ucheb. Posobie dlya vuzov [Manual for universities]. Moscow: MGUDT, 2006. – 216 p. [in Russian]